

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Осы Деректердің құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Құпиялылық саясаты) **«Haileybury Almaty» коммерциялық емес АҚ** (БСН 060540005851, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 112) schooluniform.haileybury.kz домендік атауындағы Интернет желіде орналасқан веб-сайтын қолданумен ала алатын деректерге қатысты қолданылады. Қоғам Сайт пайдаланушыларының деректерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптары шеңберінде ғана өңдейді. Құпиялылық саясаты (бұдан әрі - Саясат) олардың нормаларына сәйкес әзірленген.

Пайдаланушының Сайтты пайдалануы Құпиялылық саясаты мен деректерді өңдеу талаптарын қабылдағанын білдіреді. Құпиялылық саясатының талаптарымен келіспеген жағдайда, Пайдаланушы Сайтты пайдалануды тоқтатуы керек.

Бұл Саясат Пайдаланушылар туралы ақпаратты, оның ішінде олардың дербес деректерін оларды рұқсатсыз алудан және жария етуден тиісті түрде қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

Саясат, сондай-ақ Сайттың басқа да ресми құжаттамасы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы Сайтты пайдаланушылар туралы ақпаратты жинауға, сақтауға, таратуға және қорғауға байланысты қатынастарды реттейді. Осы Саясат пен Сайттың басқа ресми құжаттары арасында қайшылықтар болған жағдайда, осы Саясат қолданылады.

Пайдаланушылар Сайтта орналастырылған кейбір сілтемелерге өткен кезде Пайдаланушылар туралы ақпарат **«Haileybury Almaty» коммерциялық емес АҚ** және Сайт әкімшілігінің тікелей бақылауынан тыс жиналатын «ForteBank» АҚ хостинг кеңістігінен (Facebook, google+, ВКонтакте) тыс басқа компаниялардың сайттарына (қосымшаларға және т.б.) бағытталуы мүмкін екенін білуі керек. Бұл жағдайда үшінші тараптардың сайттарының және/немесе қосымшаларының Құпиялылық саясаты осы үшінші тұлғалардың пайдаланушылардан алған ақпаратты өңдеу тәртібін реттейді. «ForteBank» АҚ және Сайт әкімшілігі Пайдаланушының осы үшінші тұлғаларға берген ақпараты үшін жауапты емес.

Егер Пайдаланушы сайтқа үшінші тарап операторының аутентификация қызметін пайдалана отырып кіруді шешсе, мысалы: Facebook ақпараты, Қоғам қосымша профильді немесе үшінші тарап операторының аккаунтында Пайдаланушы үшінші тұлғаларға беруге рұқсат берген басқа ақпаратты ала алады.

1. ТЕРМИНДЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ

1.1. Құпиялылық саясатында келесі терминдер қолданылады:

1.1.1. «Сайт әкімшілігі» — **«Haileybury Almaty» коммерциялық емес АҚ** атынан әрекет ететін уәкілетті қызметкерлер, олар құпия деректерді өңдеуді ұйымдастырады және (немесе) жүзеге асырады, сондай-ақ құпия деректерді өңдеудің мақсатын, өңделетін құпия деректердің құрамын, құпия деректермен орындалатын әрекеттерді (операцияларды) айқындайды.

1.1.2. Құпия деректер — Сайт Пайдаланушысы кері байланыс және қызметтерді қосуға өтінімдер, Cookie файлдары түрінде қалдырған деректер, сондай-ақ сайтты пайдалану процесінде автоматты түрде жіберілетін деректер, сонымен қатар, бірақ олармен шектелмей: IP адрес, өтуге (кіруге) рұқсат берілетін құрылғы туралы мәліметтер және т.б.

1.1.3. «Дербес деректер» — белгілі бір немесе олардың негізінде анықталатын электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште жазылған дербес деректердің субъектіне қатысты мәліметтер.

1.1.4. «Дербес деректерді өңдеу» — автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе қолданбай дербес деректермен орындалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттердің (операциялардың) жиынтығы, сонымен қатар дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беру (ұсыну, өту (кіру), иесіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою.

1.1.5. «Дербес деректердің құпиялылығы» — Операторға немесе дербес деректерге өтуге рұқсат алған басқа тұлғаға қойылатын, олардың дербес деректер субъектісінің келісімінсіз немесе басқа заңды негіздерсіз дербес деректердің таратылуына жол бермеуі туралы міндетті талап.

1.1.6. **schooluniform.haileybury.kz** сайтының «Пайдаланушысы» — Интернет желісі арқылы Сайтқа кіру мүмкіндігі бар және Сайтты пайдаланатын тұлға.

1.1.7. «Сайт» — Интернет желісіндегі **schooluniform.haileybury.kz** домендік адресіте орналасқан веб-сайт.

1.1.8. «Cookies» — веб-сервер жіберген және Пайдаланушының компьютерінде сақталған деректердің шағын бөлігі, оны веб-клиент немесе веб-браузер тиісті сайт бетін ашуға әрекет еткен сайын HTTP сұратымында веб-серверге жібереді.

1.1.9. «IP-адрес» — IP протоколы бойынша құрастырылған компьютерлік желідегі тораптың бірегей желілік адресі.

2. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ МӘНІ

2.1. Құпиялылық саясаты Пайдаланушының Сайт әкімшілігіне Сайтпен жұмыс істеу кезінде, оның ішінде қосылуға өтініш берген кезде ұсынатын деректерін жарияламау және құпиялылығын сақтау режимін қамтамасыз ету бойынша Сайт әкімшілігінің міндеттемелерін белгілейді.

2.2. Құпиялылық саясаты бойынша өңдеуге рұқсат етілген құпия деректерді Пайдаланушы тіркеу формасын (мысал төменде келтірілген), кері байланыс нысандарын толтыру арқылы ұсынады және Пайдаланушының атын (Пайдаланушының қалауы бойынша көрсетіледі), Заңды тұлғаның телефонын, поштасын (электрондық пошта адресінннн) қамтиды. Өтініш нысанында Пайдаланушы заңды тұлғаның байланыс деректерінің орнына өзінің дербес деректерін қалдырса, онда Қоғам Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

2.3. Сайтта тіркеу формасынан басқа әртүрлі веб-аналитика жүйелері пайдаланылады. Сайт жарнама блоктарын қарау процесінде және Сайт беттеріне кіру кезінде автоматты түрде жіберілетін деректерді қорғайды, оның ішінде:

- IP-адрес;
- Cookie файлдарынан ақпарат;
- браузер (немесе жарнамаларды көрсетуге рұқсат беретін басқа бағдарлама) туралы ақпарат;
- операциялық жүйе;
- кіру уақыты, сағаттық белдеу/өңір;
- Сайт бетінің адресі.

2.3.1. Cookie файлдарын өшіру Сайттың кейбір бөлімдеріне өту мүмкіндігін жоюы мүмкін.

2.3.2. Сайт әкімшілігі Құпиялылық саясатының 2.3 тармағында көрсетілген деректерге қатысты статистикалық мәліметтерді жинай алады. Бұл ақпарат техникалық ақауларды анықтау және шешу, алаяқтыққа қарсы тұру үшін пайдаланылады.

2.3.3. Құпиялылық саясатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақпарат қауіпсіз сақталуы және таратылмауы тиіс.

2.3.5. Қоғам және Сайт әкімшілігі Пайдаланушының ақпаратын өздерінің үлестес тұлғаларына (оның ішінде қызметін Қазақстан Республикасының

аумағынан тыс жерлерде жүзеге асыратын), сондай-ақ Қоғаммен байланысты басқа компанияларға жоғарыда көрсетілген мақсаттарда беруге құқылы. Бұл ретте үлестес тұлғалар, сондай-ақ онымен байланысты компаниялар осы Саясаттың ережелерін сақтауға міндетті.

2.3.6. Келесі жағдайларды қоспағанда, Қоғам Қоғаммен байланысы жоқ компаниялар мен жеке тұлғаларға Пайдаланушы ақпаратын ұсынбайды:

- Пайдаланушы бұған келісімін берді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, оның ішінде мына мақсатта:
 - сот шешімдерін орындау немесе мемлекеттік органдардың заңды талаптарын орындау;
 - техникалық ақауларды немесе қауіпсіздік проблемаларын жою;
 - қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілгеннің шеңберінде Қоғамның, Қоғам Сервистерін пайдаланушылардың құқықтарын, мүлкін немесе қауіпсіздігін қорғау.

3. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Саясат оны Қоғам бекіткен сәттен бастап шектеусіз мерзімге күшіне енеді. Қолданыстағы Саясат жаңа Саясатпен ауыстырылғаннан кейін жарамсыз болып табылады. Саясат оның жаңа нұсқасын Сайтта жариялау арқылы ауыстырылады.

3.2. Жалпыға қолжетімді құжат болып табылатын Саясаттың қолданыстағы нұсқасына schooluniform.haileybury.kz сілтемесін басу арқылы Интернет желісінің кез келген пайдаланушысы өте алады. Сайт Әкімшілігі Саясатқа Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістерді енгізуге құқылы. Саясаттың жаңа нұсқасын бекіткеннен кейін оны Сайтта орналастыру Сайт пайдаланушыларына Саясатқа енгізілген өзгерістер туралы хабарлау болып табылады.

4. ҚҰПИЯ ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН МАҚСАТЫ

4.1. Сайт әкімшілігі Пайдаланушының құпия деректерін келесі мақсаттарда өңдейді:

- Пайдаланушының заңды тұлғаға/жеке кәсіпкерге «ForteBank» АҚ көрсететін қызметтерін қосу туралы өтінішін қарау, сондай-ақ «ForteBank» АҚ және (немесе) оның серіктестерімен тиісті шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жинау мақсатында өзара іс-қимыл жасау, ұсынылатын қызметтер бойынша кеңес беру, «ForteBank» АҚ және оның серіктестерінің ағымдағы және жаңа өнімдері туралы ақпарат беру.
- сайтты техникалық басқару, сонымен қатар оның жұмысын талдау және жетілдіру.

5. ҚҰПИЯ ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

5.1. Пайдаланушының деректерін өңдеу кез келген заңды жолмен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде немесе мұндай құралдарды пайдаланбай-ақ, мерзімді шектеусіз жүзеге асырылады.

5.2. Пайдаланушы мерзімді шектеусіз құпия деректерді өңдеуге келісім береді.

5.3. Пайдаланушының деректері Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен ғана берілуі мүмкін.

5.4. Сайт әкімшілігі Пайдаланушылардың құпия деректерінің құпиялылығын, тұтастығын, сақталуын және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген деректерді өңдеудің өзге де талаптарын сақтауға міндетті.

5.5. Құпия деректер жоғалған немесе жария болған жағдайда Сайт әкімшілігі Пайдаланушыға оның деректерінің жоғалғаны немесе жария болғаны туралы хабарлайды.

5.6. Сайт әкімшілігі Пайдаланушымен бірлесіп Пайдаланушының құпия деректерінің жоғалуы немесе жария болуы нәтижесінде туындаған шығындардың немесе басқа да жағымсыз салдардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды жүргізеді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

6.1. Пайдаланушы міндетті:

6.1.1. Сайтты пайдалану кезінде сұратылған өзекті деректерді ұсынуға.

6.1.2. Осы ақпарат өзгертілген жағдайда Ұсынылған деректерді жаңартуға, толықтыруға.

6.1.3. Сайт әкімшілігіне олардың деректерін ұсынған жағдайда, үшінші тұлғалардан алдын ала барлық қажетті келісімдерді алуға.

6.2. Сайт әкімшілігі міндетті:

6.2.1. Алынған құпия деректерді Құпиялылық саясатының 4-бөлімінде көрсетілген мақсаттар үшін ғана пайдалануға.

6.2.2. Құпия ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етуге, оны Пайдаланушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге, сондай-ақ, Құпиялылық саясатында, клиенттермен жасасқан келісімдерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, құпия деректерді сатпауға, айырбастамауға, жарияламауға немесе басқа ықтимал тәсілдермен жарияламауға.

6.2.3. Пайдаланушы деректерінің құпиялылығын сақтау үшін әдетте қолданыстағы іскерлік бағытта осындай ақпарат түрін қорғау үшін қолданылатын тәртіпке сәйкес және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтық шараларын қабылдауға.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Өз міндеттемелерін орындамаған Сайт әкімшілігі құпия деректерді заңсыз пайдалануға байланысты Пайдаланушыға келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады, бұған осы Құпиялылық саясатының 7.2-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды.

7.2.

Құпия ақпарат жоғалған немесе жария болған жағдайда Сайт әкімшілігі жауапты емес, егер бұл құпия ақпарат:

7.2.1. жоғалғанға немесе жария болғанға дейін қоғамдық меншікке айналса.

7.2.2. Сайт әкімшілігі алғанға дейін ол үшінші тараптан қабылданса.

7.2.3. Пайдаланушының келісімімен жария болса.

7.3. Үшінші тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар «ForteBank» АҚ-ға Пайдаланушының дербес деректер субъектісінің келісімінсіз Сайт әкімшілігіне берген Дербес деректерді өңдеуіне қатысты талаптар қойған, Пайдаланушының кінәсінен дұрыс емес/бұрмаланған/ескірген Дербес деректер өңделген жағдайда Пайдаланушы «ForteBank» АҚ-ға келтірілген залалды толық көлемде өтейді.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. schooluniform.haileybury.kz сайтының Пайдаланушысы мен Сайт Әкімшілігінің арасындағы қарым-қатынастан туындайтын даулар бойынша талап арызбен сотқа жүгінер алдында міндетті түрде талап (кінәрат-талап) (дауды

ерікті түрде реттеу туралы жазбаша ұсыныс) ұсыну қажет.

8.2. Талапты (кінәрат-талап) алушы талапты (кінәрат-талап) алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға талапты (кінәрат-талап) қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлайды.

8.3. Келісімге келмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органының қарауына жіберіледі.

8.4. Осы Құпиялылық саясатына және Пайдаланушы мен Сайт Әкімшілігі арасындағы қарым-қатынасқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.

9. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

9.1. Дербес деректерді өңдеу «ForteBank» АҚ клиенттерімен шарттар жасасқан сәттен бастап жүзеге асырылады және олардың талаптарымен реттеледі.

9.2. Пайдаланушы/дербес деректер субъектісі кез келген уақытта келесі мекенжай бойынша орналасқан «ForteBank» АҚ-ға жазбаша өтініш жолдау арқылы Дербес деректерді өңдеу туралы келісімді кері қайтарып ала алады: Астана қ-сы, Достық к-сі, 8/1. Бұл ретте Сайт Әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Пайдаланушының/Дербес деректер субъектісінің келісімінсіз Дербес деректерді өңдеуді жалғастыра алады.

9.3. Пайдаланушы/Дербес деректер субъектісі «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының 4-тарауында көзделген құқықтарын жүзеге асыруға, сонымен қатар заңнамада көзделген жағдайларда Дербес деректерді өңдеуге қатысты ақпаратты алуға, Дербес деректерді нақтылауды немесе бұғаттауды немесе жоюды талап етуге, өз құқықтарын қорғау шараларын қабылдауға құқылы. Өзара қарым-қатынас Құпиялылық саясатының 9.2-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.4. Осы Құпиялылық саясаты және Пайдаланушы мен Сайт Әкімшілігі арасындағы Құпиялылық саясатын қолдануға байланысты туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына бағынады.

9.5. Оператор Пайдаланушының келісімінсіз осы Құпиялылық саясатына өзгерістер енгізуге құқылы.

9.6. Жаңа Құпиялылық саясаты, егер Құпиялылық саясатының жаңа нұсқасында өзгеше көзделмесе, schooluniform.haileybury.kz сайтында орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

9.7. Пайдаланушы Құпиялылық саясатының қолданыстағы нұсқасын қарап шығу арқылы оның өзгерістерін өзі бақылауға міндеттенеді.

9.8. Осы Құпиялылық саясаты туралы барлық ұсыныстар немесе сұрақтар Сайтты пайдалана отырып өтініш жіберу арқылы хабарлануы тиіс.

9.9. Құпиялылық саясаты schooluniform.haileybury.kz (құжатқа сілтемені қосу керек) адресі бойынша сайтта орналастырылған.